ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 2(22) сәуір-маусым 2020*
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәттәшұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**
*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*
*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*
*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*
*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*
*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*
*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

# ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ КӘСІПҚОЙ ЭТНОГРАФТАРЫНЫҢ БІРІ ҚҰСАЙЫН ТӘКЕЖАНҰЛЫ

**Тоқтабай А.У.**

Т.ғ.д., профессор, БҒҚ. Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты.
Алматы қ., Қазақстан.

**Аңдатпа**. *Кіріспе.* Құсайын Тәкежанұлы халық ақыны, қазақтың алғашқы интеллегенция өкілдерінің бірі. Қазан төңкерісіне дейін ұлт оқымыстылары А. Асылбеков, С. Сейфулин, М. Жұмабаев, С. Мұқановтармен замандас, әріптес, аралас-құралас болған. Біздің қолымызға түскен қолжазба 1905 жылы жазылып, 1947 жылы редакцияланған екен. Қазақтың ежелгі әдет-ғұрыптары деп аталады. Автордың қолжазбасының алғы сөзінде бұл еңбек Сарыарқа қазақтарының өмірінен жазылған екен. Қолжазба өте құнды, себебі қазақтың каймағы бұзылмай тұрған кезде көптеген әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер қаз-қалпында қағаз бетіне түсірілген. Адамның үйленген кезінен бастап, о дүниелік болғанға дейінгі әдеттер мен жосын-жоралар, кезең-кезеңмен берілген. Мақал-мәтелдер, ғұрыптық жырлар мен нақты оқиғалар негізінде беріліп отырады. Мысалы: Абылайханның баласы өлгенде атақты шешеннің көңіл айтуы т.с.с. Бұл жазба мұра қазақ этнографиясына және фольклорына қосылған өлшеусіз қазына.
**Түйін сөздер:** ас, өлімақы, қыз-ұзату, А.А. Затаевич, құда, С. Мұқанов, М. Жұмабаев, Абылай хан, әдет-ғұрып, мақал-мәтел, Ақмола

# ОДИН ИЗ ПЕРВЫХ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КАЗАХСКИХ ЭТНОГРАФОВ К. ТАКЕЖАНУЛЫ

**Тоқтабай А.У.**

Доктор исторических наук, профессор, ГНС. Институт истории и этнологиии имени
Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы. Казахстан.

**Аннотация.** *Введение.* Кусайын Такежанұлы является народным поэтом, одним из первых представителей казахской интеллигенции. До Октябрьского переворота он был современником, коллегой и единомышленником отечественных деятелей А. Асылбекова, С. Сейфулина, М. Жумабаева, С. Муканова. Полученная нами рукопись была написана в 1905 году и отредактирована в 1947 году. Ее название - «Древние казахские обычаи». В предисловии к рукописи автора этот труд написан из жизни казахов Сарыарки. Рукопись очень ценна, потому что многие обычаи и традиции были записаны на бумаге до того, как казахские сливки испортились. Привычки и ритуалы, от брака до смерти, даны поэтапно. Даны пословицы и поговорки, ритуальные песни и конкретные события. Например: соболезнования известного оратора в связи с кончиной сына Абылайхана идт. Это письменное наследие – неизмеримое сокровище казахской этнографии и фольклора.
**Ключевые слова:** А.А.Затаевич, М.Жумабаев, С.Муканов, Абылайхан, обычаи, пословицы и поговорки, Акмола, сват, проводы невесты, цена смерти, поминки.

# ONE OF THE FIRST PROFESSIONAL KAZAKH ETHNOGRAPHERS K. TAKEZHANULY

**Toktabay A.U.**

Doctor of historical Sciences, professor. Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Almaty, Kazakhstan.

**Abstract**. *Introduction.* Kusayyn Takezhanuly is a national poet, one of the first representatives of the Kazakh intelligentsia. Before the October coup, he was a contemporary, colleague and researcher of domestic scientists A. Asylbekov, S. Seyfulin, M. Zhumabayev, S. Mukanov. The manuscript we received was written in 1905 and edited in 1947. Its name is ‘The Ancient Kazakh Customs’. In the preface to the author's manuscript, this work is written from the life of the Kazakhs of Saryarka. The manuscript is very valuable because many customs and traditions were written on paper before the Kazakh society deteriorated. Habits and rituals, from marriage to death, are given in stages. Proverbs and sayings, ritual songs and specific events are given. For example: condolences of a famous speaker on the death of son of Abylaykhan etc. This written heritage is an immeasurable treasure of Kazakh Ethnography and folklore.
**Keywords:** A.A.Zataevich, M.Zhumabayev, S.Mukanov, Abylaykhan, customs, proverbs and sayings, Akmola, matchmaker, price of death, farewell to the bride, funeral.

## Кіріспе

XIX ғ. аяғы XX ғ. басында Ресей империясының мұсылман халықтары ішінде қазақтар кітап басудан әзірбайжандар мен татарлардан кейін 3-ші орында тұрған екен. Мұны дәлелдеген қазақ мәдениеті мен өнерінің жанашыры, қазандық тілші-ғалым Әбрар Каримуллин (Каримуллин, 1971). Ал жарық көрмей, баспаға жетпеген, қазақ қолжазбалары қаншама. Ертеректе әр ата-тек шежіресі, қиссалар, батырлық жырлар іспетті жазба дүниелер әр үйде болмасада, қазақ ауылы 10-15 түтін деп есептесек, әрбір 3-ші отбасында болғаны рас. Академик Ә. Марғұланның жазуынша ескіше оқып жаза білетіндердің саны жалпы қазақ халқының 40% құраған (Марғұлан, 1985). Жалпы жаңалыққа білім-ғылымға құмар қазақ ежелден ақырғы малы қалғанша, баласын ауыл молдасына беріп сауатын аштырып, кейінірек орысша оқытуды ойлаған. Біздің қолымызға Қ. Тәкежанұлының «Қазақтың ежелгі әдет-ғұрыптары» атты қолжазбасы 2000 жылы Омбы қаласына барған сапарымызда кездейсоқ қолға түсті. Қалалық кітапхананың алдында ескі кітаптар сатып отырған татар кемпірі «қолжазба қазақтың бір атақты оқымыстысынан қалған өте құнды дүние, ақшаңызды аямаңыз, келешекте маған рахмет айтасыз»-деген соң алған едік. Шынында да өте құнды дүние екен, әлі күнге дейін татар кемпіріне рахмет айтып келемін. Төте жазумен жазылған қолжазбаны оқу қиын болған жоқ, бірақ авторы Құсайын Тәкежанұлын ол кезде кім екенін білгем жоқ. Қолжазбаны алғаш 2005 жылы 200 данамен жарыққа шығарғанда автор туралы ешнәрсе айта алмадық (Тәкежанұлы, 2005: 83).

## Әдістері

Мақалада ғылыми талдау негізінде материалды жүйелеу әдістерін, сондай-ақ мәдениеттанудағы қолданылатын типологиялық әдіс пайдаланылды.

## Талқылау мен нәтижелер

Қолжазбаның түпнұсқасын Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінің Отырар кітапханасына тапсырдық. Кейін сұрастырып білсем, бұл кісі халық ақыны, қазақтың алғашқы оқыған интеллегенциясының бірі екен. Құсайын Тәкежанұлы 1886 жылы Қарағанды облысы,

Бұқар жырау ауданы, Құндызды ауылында туып, 1972 жылы Астана қаласында өмірден озды. С. Сейфуллин, С. Мұқанов, М. Жұмабаев, А. Асылбеков тағы басқада қазақтың алғашқы интеллегенция өкілдерімен замандас, әріптес аралас-құралас болған. Жастайынан домбырамен күй тартуды, ән салуды Тәттімбет, Ақансері, Біржан сал мектебінің өкілдерінен үйреніп, өзіде бірсыдырғы өлеңдер мен поэмалар жазған. Жасында Қызылжардағы былғары зауытында жұмыс істеп, орыс-қазақ мектебінде оқыды, орыс тілін жастайынан жетік үйренеді, бірақ отбасының ауыр жағдайына байланысты елге оралып, мектеп ашып, бала оқытады, ел ішінде «Құсайын молда» - деген ат алады. 1917 жылы Ақмолаға келіп, Сәкен Сейфуллин мен Абдолла Асылбековтің әсерімен «Жас қазақ» ұйымына мүше болып, «Тіршілік» газетінде өлеңдерін жариялай бастайды. 1920 жылдардың ортасында қазақ жерінде жұқпалы ауруларды тексерген орыс дәрігерлерініңаудармашысы болып жұмыс істейді. Халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, өнерін жадында сақтаған Құсайын ақын- композиторлардың, жыраулардың шығармаларын жақсы білетін еді. Иманжүсіптің өмірі мен творчествосы туралы естеліктері мен өлеңдерін А.В. Затаевич «Қазақ халқының мың әні»-деген жинағында жариялайды (Затаевич, 1925). 1959 жылы «Термелер» - деген атпен алғашқы өлеңдер жинағы жарық көреді (Тәкежанұлы, 1959). 1964 жылы Сәбит Мұқановтың алғы сөзімен «Қария толғанысы» - деген жинағы жарық көреді (Тәкежанұлы, 1964). Бұл еңбегінде автор халық творчествосының қайнарларынан мол сусындаған, өзі де сол халықтың жанрларды тереңдете дамытқан шебер екенін көрсете білді. Кітапта мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, өсиеттер мен мысалдар, жұмбақтар, шығыс рубайылары түрінде жазылған өлеңдер ерекше құнды. Қ. Тәкежанұлы артында мол мұра қалдырған халық ақыны, іздесе әлі де табылары даусыз.

Қазір қазақ қоғамында «Бәленбай уақыттағы сандықтың түбінде, болмаса жердің астында, бұрын жеті атасынан бұрынғы жазба еді» деп кітап қылып басып жататын әдет пайда болды. Мұның түпнұсқасы қайда десең жоғалтып алдым, суға кетті, өртеніп кетті» деп Мюнхаузеннің ертегісі сияқты бірнәрселерді айтады. Мұндайдың өтірік екенін, халықты алдау екенін, ең бастысы халықтың алдында қылмыс жасау екенін айтпауға болмайды. Сондықтан қазір әрбір мұндай нәрсені сын көзбен қарап, мамандардың талқысына салу қажет.

Автордың өзінің айтуынша «Ақмола, Қараганды, Көкшетау облыстарына қараған қазақтардың құда түсу, қалың мал, қыз ұзату, келін түсіру, өлімге ас беру, ғұрып, әдет, салт санасы» - деп аталатын қолжазбасын 1905 жылы бастап кейінірек Кеңес заманында бітірген көрінеді. ХХ ғ. басында қазақ этнографиясынан бұл іспетті шығарманың жазылуы, оның біздің заманымызға дейін жетуі – үлкен құбылыс деп бағалауға болады. Сондықтан біз бұл еңбекті 2013 жылы қайта жарыққа шығардық (Тәкежанұлы, 2013). Бұнда Сарыарқа қазақтарының әдет-ғұрыптары, атап айтқанда құда түсуден басталып ас беруге дейін жүйе-жүйе болып баяндалған. Әрине бұл әдет-ғұрыптардың құндылығы сол қазақтың каймағы бұзылмай, өзінің жүздеген, мыңдаған жылдар бұрынғы салттарын, автордың көзімен көріп қолымен ұстап жүріп жазуында, осы жағынан бұл мұра Құрбанғали Хамидтің «Тауарих Хамсасымен», Спандияр Көбеевтің «Қалың малымен» Мұхамедсалық Бабажановтың «Қазақтың қазақ туралы жазбаларымен» қатар тұра алады.

«Этнографические материалы сокровищница многовековой народной мудрости, архив истории познаний, мира и природных явлений человечеством. Этнографы XVIII-XX вв. зафиксировали материалы идущие из самых различных хронологических глубин и порожденные в своей основе самыми разными стадиями развития человеческого общества» деп жазады академик Б. Рыбаков (Рыбаков, 1989: 279). Қаратеңіз, Дон, Еділбойын, Қырым-Кавказды көшіп-қонып жүрген скиф-сақ тайпалары да грек-рим т.б. елдердің салттары кіріп кетпесін деп қатаң шектеу қойған. Тіпті құдандалық байланыста болса да, сол елдің бірде-бір ғұрпын алмаған.Мысалы: «Сақтардың падишасы Савлиянның інісі Анархис нәсілін жасырып, грек атанып

Эллададан ұзақ саяхаттан оралысымен, әйелдің етеккөйлегін киіп, Кизик қаласында Кибес құдайына ас бермек болады. Анархистің бұл әрекетін ағасына жеткізгенде, бөтен халықтың ғұрпы елге тарап кетеді деп сақтанған савлия інісін садақпен атып өлтіреді». (Хазанов, 1979: 48-50) Бұдан ұлттық салт-дәстүріміздің бүгінгі күнге жойылмай жетуі үшін, ата-бабаларымыздың небір ауыр құрбандықтарға барғандығын байқаймыз.

Қазақ қоғамының негізі басқа да қоғамдар, мемлекеттер, халықтардікіндей отбасы, шаңырақ деген ұғымнан туған. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» дейтін халық үшін шаңыраққа ие болудың өзі абырой, адамдық нысаны. Қазақ халқында «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» деген үш тармақты, бір бүтін аталы сөздің бар екені мәлім. Мұны өмір пәлсәпасы деуге де болады. Автор «Қазіргі Ақмола, Қарағанды, Көкшетау облыстарына қараған қазақ елдерінің құда түсу, киіт кию ғұрпы, әдет, салт-санасы жайында» деп І-тарауға жеке бөлімшелер арнап тоқталған (Бөлімшелер: Ұл әкесі жағынан құдалыққа бару ғұрып, әдет, салт-санасы және киіт кию жайында; Құдаларды қарсы алу әдет-ғұрып,салт-санасы; Қыз әкесінің құда түсіп, мал алу жайында ғұрып-әдеті, салт-санасы; Күйеудің қайынға бару ғұрып, әдет, салт-санасы; Қыз ұзату, жасау жасау әдет-ғұрып, салт-санасы; Келін түсіру әдет-ғұрып, салт-санасы). Автордың жазып алған деректері бойынша: Құда түсу қыз бен жігіттің әке-шешелері еркінде болған. Бұған бағзы уақыттарда ел жақсылары да кірісіп кететін болған. Мұның себебі, құда болатын адамдар келіспеген уақыттарда, келіспеу себептері: 1) бірін-бірі менсіну ата туыс жағынан болмаса, байлыққа, адамшылық жағынан, қалың мал жөнінен. Міне, осындай уақыттарда ел жақсысы болмаса, тап жақсысы, ауыл жақсысы қатысады. Қазақ әдетте құда болудан бұрын бір-бірінің ататегін, дәулетін, адамшылық және басқа жағдайларын аса мұқият сұрап тексеріседі. Құда болатын адамдар бірін-бірі мұнша таңдаудан мақсаттары не деп сұрағанда қазақ ақсақалдары келесі себептерді айтады. Бірінші, құда болған адамдар туысқандай болу, барлық-жоқтыққа, жақсылыққа-жамандыққа, бәріне ортақ болу. Екінші, ата ұрпаққа, дәулетте, адамшылықта тең болу. Үшінші, болыстық, ауылнайлық, партия бола қалса, жәрдемдесу. Төртінші, жер-су жағынан бір-біріне қарасу. Бесінші, ұл әкесі жағы киітке қызығу, жүйрік ат, жампоз тон, желмая нар, қыран бүркіт, алғыр тазы, масаты кілем, тай тұяқ жамбы және басқа асыл заттар яки жүздеген қырықтаған қой, киіт кию. Алтыншы: «Тең келсе тегін бер» деген мақалды еске алу, бірақ бұған әке-шешелердің көңіл бөлу шамасы аса аз кездеседі. Осы айтылған ғұрып, әдет, салт-сана жайында ақсақалдармен әңгімелесіп жай жағдайларын сұрастырғанда мына түрде айтады: «Бұл айтылған жағдайлар барлыққа, байлыққа байланысты», - дейді. Шамасы келмесе ұл әкесі де, қыз әкесі де ешқандай жағдаймен санаспайды. Және мына адамдар санаспайды. Бірінші, баладан мұқтаж адамдар. Екінші, дәулеті тасыған байлар, жақсылар - тоқалдыққа. Үшінші, қатыны өлген үй, иесіз қалған. Төртінші, тәуекелге бел байлаған пысық адамдар. Міне, осындай себептермен қатынға мұқтаж адамдар мал бетіне қарамайды. Мұндайлардың көбі түн салып алып-қашу, қолма-қол алыс-беріс қылады. Қолжазбада үйлену тойына байланысты сүт ақы, той мал, үйге кірер, босаға бойы, қол ұстатар, шаш сипатар, төсек салар, көрпе қимылдатар, отқа салар, ит ырылдатар, бақан салар, қыз қашар т.б. толып жатқан ғұрыптар тәптіштеп жазылған.

Қазақта өлімақы дейтін өлгеннің артынан атқарылуы тиіс барлық жосын-жоралғыларды білдіретін ұғым бар. Өлімақы – жан тәсілім еткеннен кейінгі алғашқы жуындыру мейірім сумен басталып, күзету, арулау, жерлеумен жалғасатын аза жылын және ас беру тәрізді жосын-жоралғыларды қамтиды. Бұл жосын-жоралғылар «өлі разы болмай, тірі байымайды» деген көшпелі ортада ежелден орныққан, іргелі қағидаға сай атқарылады (Қалиев, Оразаев, Смаилова, 1994). Қ.Тәкежанұлы «Қазіргі Ақмола, Қарағанды, Көкшетау облыстарында қазақтарың өлгендеріне өлген күннен бастап тамақ арнап берулері және өлік жайында ғұрып, әдеп, салт-саналары» деп 2-тарауға бөлімшелер арнап жеке тоқталған. (Бөлімшелер: Қонақасы, өлікті жөнелту, жаназаға шақыру тәртібі; Қабіршілерге ас беру ғұрып-әдебі; өліктің үші, не асберу

ғұрып, әдет-санасы; Өліктің жетісіне ас беру ғұрпы; өлікке бата оқыр әдебі; өлікке арнап жұма күні ас беру ғұрпы; ой бауырым! деген әдеп болған; өліктің 40-на арнап ас беру; өлікке аза салу ғұрпы, жылына толғанда ас беру; өлікке қара ас беру; қатым, құран ас беру ғұрпы; өлікке айғыр шаптырып ас беру; өлік жылына толғанда өлік иесі ат шаптырып ас беру; жоқтау әдет-ғұрпы; өлікке там соғу туралы ғұрып; қазақ әдетінде өлгендеріне көңіл айту ғұрпы).Автордың жазып алған деректері бойынша: қазақ әдетінде өлік шыққан үйден үш күнге шейін тамақ ішпеу әдеті болған. Кісі өлген үйге жанашыр жақындары алғашқы келгенде бірер шақырымдай жерден «Ой байырымдап! шабатын көрінеді. Сол бетімен өлік шыққан үйді айнала шауып сабап, аттан құлайтын көрінеді. Мұны өлімді болған туыстары қарсы алып, риза болатын көрінеді. Бұлай болмаса наразы болады дейді. Сондай-ақ қазақ әдетінде өлікке там салу міндетті әдеттен саналған «...ас бермесе атаусыз аштан қалдырды, там салмаса жалаңаш қалдырды...» дейді. Өлікке там салу Ақмола, Көкшетау, Қарағанды облыстарында мына түрде болған: Бірінші, бесікше салып, айналасын орлайтын. Екінші, шіркі шикі кірпіштен, яки ағаштан қорған салады. Үшінші, атақты байларға, болыс, билерге, ақсүйек, аталыларға, батыр, шарапатты адамдарға және басқаларға үлкен там салады.

Марқұмның жүгі ауыр, үші, жетісі, қырқы, жылы бар, аты, атағы бар адам алдында асқар таудай ел-жұрттың бата оқыры жылына шейін болады. Қазақтың мақалы «...қарны ашқан қаралы үйге бата қылады» дегендей, мұнан басқа шығын да толып жатыр, ең ақыры жұма, бейсенбіде шелпек те пісіріп беру керек болады. Адам өлген күні барлық туыстары жиналып, қонағасын береді. Өлік иесінің шамасын байқап, неше тоғыз мал байланады, жаназаға қанша ел шақырылады дегендей өлікті жөнелту жабдығына кіріседі. Е.Смағұловтың пікірі бойынша: Қазақ халқының өлген адамға байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер тәртібі, белгілі бір табиғи-экологиялық кеңістікті игеру жолында қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік, саяси жүйелердің жиынтығы ретінде этнография ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі десек артық емес. Оның ішінде, әсіресе, өлген адамды шығарып салуға байланысты ғұрыптық циклдың аяқталуын білдіріп, қорытынды нүктесін қоятын - ас беру дәстүрінің маңызы зор. Ас өткізетін рудың абырой-атағын асыратын ұлы астар руаралық жиын, мәжіліс қызметін атқарған (Смағұлов, 2005). Бұл еңбекте ас берудің өзінің жіктеліп үш түрге бөлінетіні: қара ас беру, айғыр шаптырып ас беру, жылы толғанда ас беру сияқты түрлері анықталып жазылған. Қ.Тәкежанұлының дерегі бойынша: өлік жылына толғанда, яки өлік иесі өзінің қарнына келгенде бұл асқа өлік иесі сегіз, тоғыз ай бұрын қам қылады. Бұл бәйгеге көбінесе айғырлар әкелінеді. Сондықтан «айғыр шаптыратын ас» деп ат қойған болу керек, ат келсе де тоқтау болмайды. Бұл істің ғұрып-әдет, салт-санасы қара асқа болады. Бірақ айырмасы мыналар: Мұның ошағына сегіз-тоғыз ай бұрын шақырады. Себебімұның сойысы мал арықтамай, ет қатысымен союға тиіс болады. Екінші:Қара астан бұған көбірік шақырылады. Үшінші: Бірнеше аттарға бәйгетігіледі, мына түрде бас бәйге – ірі қара бастатқан тоғыз мал болады.Аяғы тай, тайынша бұл бірінші атқа, екінші аттың бәйгесі, бұл да тоғызбас мал. Бұғаннәрсекіреді. Үшінші аттың бәйгесі тай, тайынша болады. Нәрсе қосылады, бұдан соңғылар, нәрсе болады. Шапан бастатқан тоғыз неше атқа бәйге тігілсе, бәрін де құрық алдырмайды. Төртінші: палуан бәйгесі болады. Бұда тоғыз, тоғыздан болады. Бас балуанның бәйгесі ірікара бастатқан тоғыз болады. Бұған нәрсе қосылады. Кілем, ішік, шапан сықылды. Екінші палуан бәйгесі: бұл да мал бастатқан болады. Малы, жайы, ері, пікірі болады. Бұған да нәрселер қосылады, шапан, кездеме сықылды. Бұдан кейінгі балуан бәйгелері көбінесе өлі нәрселер болады. Қанша палуандар күрессе де жол бермей қоймайды. Қара астан басқа пәлендей айырмасы жоқ. Бірақ бұл аста асшылар тегісқонады, сый-құрмет бәрі қара астай болады. Таң рауаннан біреу атқамініп желіп жүріп тігілген үйлерді тегіс хабарландырады. Атшабары тағы бар, асшылар асығыс түрде аттарына мінеді. Бір қолына ту ұстап шығады, ұзын ағашқа ақ шүберек байлаған барлық адамдар соған жиналады. Әбден жиналып болған соң қарақшы тігуге арналған

